

Ақмола облысы
Жарқайың ауданы
«Тассуат ауылының негізгі орта мектебі»КММ

**Тассуат ауылының негізгі орта мектебінің педагог-психологі Тастемирова
Гулнар Сайлаубаевнаның 2023-2024 оқу жылына аналитикалық есебі**

2023-2024оқу жылы

**Тассуат аулының негізгі орта мектебінің педагог-психологі Тастемирова
Гулнар Сайлаубаевнаның 2023-2024 оқу жылына аналитикалық есебі**

1. Тассуат негізгі мектебі туралы ақпараттық анықтама: Оқушы саны-44; Сыныптар саны-8;

Мектептің тақырыбы: Кәсіби жетілген құзіретті мұғалім-сапалы білім беру кепілі.

Мақсаты: Мұғалімнің кәсіби құзіретін жетілдіре отырып, білім сапасын арттыру, оқушылар бойында жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

Міндеттері: 1.Мұғалімдерді авторлық бағдарламалар, құралдар, шығармашылық жобалармен жасауға ұмтылдыру және ондай мұғалімдерге қолдау көрсету.

2. Оқушылардың облыстық, республикалық ғылыми жоба жарысына, пәндер олимпиадасына жүлдегерлер дайындау ісін нақтылау, әр бірлестік мүшесінен талап қою.

3. Оқу кабинеттерін «мұғалім мен оқушының шығармашылық жұмыс лабораториясына» айналдыру.

4. Оқушының алған білімінің үздіксіз дамытылуымен қатар өзін-өзі тәрбиелеуі, қоғамдық көзқарасының, құзырлылығының қалыптасуын қамтамасыз ету, психологиялық қызметті арттыру, бейінді оқытудың сапалығы үшін мұғалімдерге жағдай жасау.

Мектептегі психологиялық қызмет 2004-2005 оқу жылынан бастап ұйымдастырылған. 2011-2012 оқу жылынан бастап Тастемирова Г.С. мектепте педагог-психолог болып жұмыс істейді. Жалпы еңбек өтілі 20жыл, осы қызмет бойынша 12жыл.

2023-2024 оқу жылындағы мектептегі психология қызметінің мақсаты:

Білім бере отырып ұлттық сананы қалыптастыруда оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау және әлеуметтік-психологиялық ахуал туғызып, білімді тиімді түрде жалғастыра алатын қатысушыға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

1. Оқушылардың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ықпал ету;
2. Оқушыларға жедел дамып жатқан ақпараттық қоғам жағдайында олардың сәтті әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
3. Әр оқушыға оның жеке басын психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас ұсыну;
4. Оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау;
5. Оқу процесі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін арттыру;

6. Оқушылардың асоциалдық әрекеттерін алдын алу және оларды дер кезінде түзе

3. Осы оқу жылында мектебіміздің бастауыш буынмен атқарылған бірқатар жұмыстар мынадай: бастауыш сыныптарға сабақ беретін сынып жетекшілерге ауалнама мен тренингтер жүргізіліп, олардың сабақ үдерісінде оқушыларға жүргізілетін ес және ойлау қабілеттерін дамытуға арналған психокоррекциялық жаттығулар ұсынылды.

2-4 сыныптарда демлыстан кейін тез бейімделуіне жағдай жасау , көмек көрсету үшін проективтік әдістер бойынша сөйлесіп, әңгімелесіп, сабақтарға қатынастым. 2-4 сынып оқушыларына «Баспалдақ» әдістемесі оқушылардың өзін –өзі бағалау бойынша жүргізілді, нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бағалауы калыпты деңгей көрсетті. Мектепке, сыныптастарымен қарым-қатынасы калыпты.

3-4 сынып оқушыларымен өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасау үшін тренингтер өткізілді.

Бастауыш сыныптарға сабақ беретін сынып жетекшілерге кеңестер беріліп, олардың сабақ үдерісінде оқушыларға жүргізілетін ес және ойлау қабілеттерін дамытуға арналған психокоррекциялық жаттығулар ұсынылды.

1 сыныпта психологиядан балалардың отбасымен, қоршаған ортамен, достарымен, ата-анасымен қарым-қатынасының қандай екендігін анықтау мақсатында «Отбасының клиникалық суреті», проективті сурет әдістемесі қолданылып, жүргізілді. Оқушыларға қаншалықты көңіл бөлінетіндігі мен амқорлықтың, ата-ана тарапынан зейіннің қажет ететіндігі анықталды. Ұстаздарымен ата- аналарға ұсыныстар мен кеңестер берілді.

Ал 5-ші сыныпта жаңа жағдайға тез бейімделуіне жағдай жасап, көмек көрсету үшін «Кел, танысайық» ойын сабақ жүргізіліп, «Мектептегі мазасыздықты анықтау Филлипс әдістемесі/» тесті алынды. Сонымен қатар өз пікірлерін білдіре білуге үйрету, ұстаздармен қарым-қатынасын шыңдау мақсатында «5 сынып дегеніміз не?», «Өзіңді таны», «Орта мектеп, жаңа оқушы» тренинг ойындары өткізілді. Ал, орта буынға жүргізілген жұмыстар ретіне келер болсақ, 4-9 сынып оқушыларының психологиялық денсаулық деңгейін анықтайтын компьютерлік диагностика жүргізіліп, нәтижесі «төмен» болды. Тест қорытындысы бойынша төмендегідей ұсыныстар айтылды: Жауапты таңдау дағдылары калыптастыру, оқу-әдістемелік мотивацияларын түзету –дамыту үшін топтық жұмыстар жүргізу. Педагогтарға балалардың зейінін тоқтатып, белсенділіктерін азайту мақсатында, қосымша үйірмелерге қатыстырып, спорттық ойындар жүргізу үшін ұсыныстар беру. Сынып жетекшілерге сабақтарда психологиялық ойындар ойнату тиімділігін ескерту.

А.Е.Голомшток жасаған «Қызығушылықтар картасы» бойынша танымдық қызығушылықтарды анықтау мақсатында 8-9 сыныптарда тест жүргізілді. Оқушылардың ата-аналарымен, мұғалімдермен кездесіп, оқушылардың қызығушылық картасымен таныстырылды.

Дж. Холланд әдістемесі бойынша 9 сынып оқушыларының тұлға типтері анықталды.

Ақпан айында 9 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел «Менің болашақ мамандығым», «Мамандық өмір таңдауы» тренинг жүргізілді. Тренинг барысында оқушылар болашақ мамандықтары туралы ойларын ортаға салып, келешек армандарымен бөлісті.

6, 7 -ші сынып оқушыларының өтпелі кезеңдегі өзгерістеріне баға беру, мазасыздық себептерін анықтау және оның алдын алу мақсатында «Тест ИСН» Прихожан А.М. әдістемесі бойынша жеке мазасыздық тесті қолданылды. Сынып оқушыларының неліктен сабақ үдерісінде тыныш немесе шулы болып отыратындығы олардың мінез- құлықтарының әр түрлі тұрақты және тұрақсыз болып келетіндігімен түсіндіріледі.

6 сынып оқушыларына оқушылардың бойында бір- біріне деген құрмет, достық жанашырлық, татулық сезімдерін ояту мақсатында «Ешкім мінсіз емес» тренинг сағаты жүргізілді. 8 сыныбына оқушылардың бойында бір-біріне деген құрмет, достық, жанашырлық, татулық сезімдерін ояту, қалыптастыру мақсатында «Эмоция және сезім» тренинг жүргізіліп, шынайы сүйіспеншілік махаббат сезімін тудырып, әлемдегі бар жақсылық махаббат арқылы келетінін ортаға салып дискуссия өтілді.

Мектеп ата-ана байланысын жақсарту мен оқушылардың ата-аналарымен байланысы, қарым- қатынасын анықтау мақсатында мектебімізде қыркүйек айында жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Осы жиналыста «Бейімделу кезеңінің қиындықтары» тақырыбында баяндама оқып, бейне роликтер көрсеттім. Сонымен қатар . 5 сынып ата-аналарымен «Сіздің балаңыз бесінші сынып оқушысы» атты тақырыпта жаднамалар таратылып, кеңестер жүргізілді. Жиналыстың күн тәртібінде: 1. Танысу. 2. Сауалнама. 3. тренинг ұйымдастыру мүмкіндігі талқыланды.

Желтоқсан айында отбасы арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп-инабат үрдістерінің қаншалық кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүре қалауымен, саналы түрде ардақтап, құрметтеуіне, инабат тағылымын үлкендерде үйрене отырып, олардың өздеріне деген қарым-қатынастарында мүлтіксіз жүзеге асырып отыруларына байланысты, Жыныстық тәрбиеге байланысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Балалар мен жастарды жыныстық тәрбиелеудің маңызы» тақырыбында баяндама оқылды.

Ақпан айында Бірінші сынып оқушыларының мектепке оқуға бейімделуі семинар-тренинг «Баланың бас ұстазы ата-ана» ата-аналар және педагогтармен

«Отбасы махаббаты неде?» ата-аналарға арналған тренинг өткізіліп өз мақсатына жетті.

Наурыз айында ата-аналар мен педагогтер арасында «Бала өміріндегі жәбірлену тақырыбында жиналыс ұйымдастырылды.

Педагогтың, оқушы, ата-анасымен қатынасуының өзіндік ерекшеліктері бар. Ата-ананың өз баласына деген сүйіспеншілігінен мұғалімнің қылығы мен талабы шектен тыс субъективті деп кездеседі. Ата-анаға өз баласының кейбір қылығы іс әрекеті тәрбиеге сай келмесе, ол мұғалімге деген көңіл толмаушылыққа әкеліп соғады, ал оған мұғалімнің немқұрайлылығы қосылса, оның нәтижесі мектепке деген кері көзқарасты тудыруы мүмкін. Сол мәселеге байланысты бір тоқсан бойы жеке ата – аналармен кездесіп, барынша кеңес беріп отырдым.

Мектебіміздің педагогикалық кеңесінде күн тәртібі бойынша «1.5 сынып оқушыларының бейімделу деңгейі туралы есеп» тақырыбында баяндама жасады. Ұстаздар ұжымынан тесті алынды. Нәтижесімен бірден таныстырылып, қорытынды жасалды.

Ал 4-6шы сыныпта олимпиада, ғылыми жұмыстарға және оқушылардың мектепке, оқу үдерісіне бейімделуіне байланысты, оқушылардың бойында бір-біріне деген құрмет, достық, жанашырлық, татулық сезімдерін ояту мақсатында «Тұлғаның өзіне деген сенімділігін арттыру» тренинг жаттығу жүргізіліп, сынып жетекшісіне ұсыныстар тапсырылды.

Сынып оқушылары отбасымен қарым – қатынас жақсы, достарын өзінен алыс сезінетінін көрсетті. Басқа оқушылар өздерінің қоршаған ортасымен тығыз байланыста сезінетіні байқалды сонымен қатар, 9 сыныбына оқушылардың бойында бір-біріне деген құрмет, достық, жанашырлық, татулық сезімдерін ояту мақсатында «Өзара түсінушілік отбасы бақытының шарты» тақырыбында әңгіме жүргізіліп, шынайы сүйіспеншілік махаббат сезімін тудыру мақсатында әлемдегі бар жақсылық махаббат арқылы келетінін ортаға салып дискуссия өтілді.

Мектебіміздің түлегі болатын 9 сынып оқушыларына мамыр айында «Мамандық таңдаудағы 10 қате» атты психологиялық тренинг шарасы өтті. Шараға 9 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: мамандық таңдаудың негізгі шарттарымен таныстыру. Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу. Бейіміне қарай мамандық таңдау қажет, мамандық таңдаудағы қателіктер» деген тақырыпшалар тәжірибесін қпарат алмасу жүргізілді. Жоғары буын оқушыларының темперамент типін анықтау үшін мінез-құлық тесті жүргізіліп, нәтижесі шығарылды. Әрбір оқушының типін анықталды.

Мектеп ата-ана байланысын жақсарту мен оқушылардың ата-аналарымен байланысы, қарым- қатынасын анықтау мақсатында мектебімізде ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жыл бойы отбасы арасындағы қарым-қатынаста

адамгершілік, әдеп-инабат үрдістерінің каншалық кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, құрметтеуіне, инабат тағылымын үлкендерден үйрене отырып, олардың өздеріне деген қарым-қатынстарында мүлтіксіз жүзеге асырып отыруларына байланысты «Баланың мамандық таңдауда ата-ананың ролі», атты баяндама оқылып, жаднамалар таратылды.

Педагогтың, оқушы, ата-анасымен қатынасуының өзіндік ерекшеліктері бар. Ата-ананың өз баласына деген сүйіспеншілігінен мұғалімнің қылығы мен талабын шектен тыс субъективті деп кездеседі. Ата-анаға өз баласының кейбір қылығы іс-әрекеті тәрбиеге сай келмесе, ол мұғалімге деген көңіл толмаушылыққа әкеліп соғады, ал оған мұғалімнің немқұрайдылығы қосылса, оның нәтижесі мектепке деген кері көзқарасты тудыруы мүмкін. Сол мәселеге байланысты жыл бойы жеке ата – аналармен кездесіп, барынша кеңес беріп отырдым. «Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында шағын дәріс берілді

Олимпиада, ғылыми жобаларға қатынасушыларға, Бабахумар Жанель, Елеш Айым, Балтабаева Мерей, Серік Таннұр, Жұмағали Айдын жарыстарға барғанда өздерін қалай ұстау қажеттігі, дауыс ырғағының қандай болу керектігі туралы кеңес беріліп, сергіту жаттығуы жүргізілді. Оларға психологиялық жағынан сендер жұмыстарыңды жақсы қорғап шығасыңдар, барлығы дұрыс болады, өздеріңмен қорғауға шыққан өзге мектеп оқушыларымен танысасыңдар, өздеріңі жаңа біліммен қатар достар табуларың мүмкін деген жадынамамен ақпараттандырылды.

Мұғалімдерінің ұжымдағы қарым- қатынастан туындайтын кикілжіңдерді басқаруға байланысты «Сынып жетекшінің жұмысына кәсіби бағар» тақырыбында ұсыныстар берілді. Сонымен қатар мұғалімдерге «Менің жұмысым», «Мен қандай маманмын» жаттығуы жүргізілді.

4. Оқу жылындағы қызмет бағыттары бойынша жиынтық кестелер
Бағыттар бойынша қызмет нәтижелерін жалпылама талдау
(сандар - сандық талдау, тақырыбы-мазмұнды бөлім)

	Оқушылар		Педагогтар		Ата-аналар		Әкімшілік	
	Саны	Тақырыбы	Саны	Тақырыбы	Саны	Тақырыбы	Саны	Тақырыбы
Қызығушылық алу және қызығу	2		4		5		-	
Диагностика	12		1		1		1	
Кеңес беру	19		11		5		2	
Өзін-өзі дамыта								

оқыту	12		1		1		
Сараптама қызметі							
Барлық сағат саны	45		17		12		3

5. Психоконсультациялық бағытта:

Жыл бойы: сынып жетекшілерге зерттеу нәтижелері бойынша кеңес беру, ата-аналар комитетімен жұмыс, сұраныс бойынша жеке және топық кеңес беру.

Барлық өтініш білдіргендер	Оқу мәселелері	Отбасы мәселелері	Құрдастарымен қарым-қатынас мәселелері	Мінез-құлық мәселелері	Мінез-құлық мәселелері	Басқа
Оқушылар		1			-	
Ұлдар	1	1	1			
Қыздар	2	4	2	1		
Педагогтар	5	1	2	3		
Ата-аналар	4				1	
Әкімшілік	2					
Барлығы	14	3	5	4	1	-

Консультациялық процесс әдетте екі кезеңде жүргізілді: а) бастапқы консультациялар - негізгі деректер жиналған және сұрау анықталған; б) кеңес беру - диагностикалық әдістерді пайдалана отырып, объективті ақпарат алу, мәселені одан әрі жұмыс істеу жоспарын анықтау; Сонымен қатар, ата-аналарға баламен қарым-қатынас ерекшеліктері мен қиындықтарды жеңу жолдары туралы кеңестер берілді. Кейбір жағдайларда қайталанған консультациялар жеке қабылдаумен шектеліп қоймай, жүйелі сипатта болды, бұл жағдайда әңгімелесу кезінде баламен жұмыс істеу динамикасы талқыланды және ұсынымдар анықталды.

Негізгі контингент жасөспірімдердің балалары болып табылатындығына байланысты көптеген сұраулар жеке тұлғааралық қарым-қатынас проблемаларына байланысты. Жалпы алғанда, барлық өтініштерді бөлуге болады:

1. Құрбыларымен қарым-қатынаста қиындықтар
2. Эмоционалдық және мінез-құлық қиындықтары (агрессиялық, алаңдаушылық, демонстрациялық және т.б.)
3. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастардағы мәселелер
4. Кәсіби өзін-өзі анықтауда қиындықтар

5. Оқу қиындықтары

6. Топтық диагностиканың нәтижелері бойынша кеңес беру.

Кеңес беру барысында келесі міндеттер шешілді:

1. Сұрау салуды түсіндіру және нақтылау;
2. Құқық бұзушылықтардың ықтимал себептерін анықтау үшін психологиялық тарихты жинау;
3. Оқушыларға, сондай-ақ мұғалімдерге және ата-аналарға оқыту және құқық бұзушылықтарды жою мәселелері бойынша ұсынымдар;
4. Сұрау бойынша одан әрі жұмыс істеу үшін жоспар құру.

Қорытынды. Тұтастай алғанда, осы жылы жүргізілген консультативтік жұмыс тиімдірек болып, консультациялық қызметтің барлық қажетті міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін деп санауға болады. Осыған байланысты болашақта жағдайды талдау және анықтау қажет. Қазіргі жағдайда орын алып отырған өзекті мәселе «Буллингтің алдын алу» тақырыбы бойынша жұмыс түрлерін кеңейту. Сондай-ақ, ата-аналардан кеңес алу үшін сұраныстардың төмен болуына назар аудару қажет. Келесі жылы біз ата-аналармен, ұстаздармен қарым-қатынасымызды күшейтуіміз керек.

Мектеп психологі: Тастемирова Г.С.